

1997 жылғы 25 ақпандағы N 20/97/1-18 келісім-шарт туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 21 наурыздағы N 71

1. Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясының "УЗДОН" (Ташкент қаласы) сыртқы сауда фирмасына мемлекеттік ресурстардан 100 мың тонна 3-сыныпты жұмсақ бидай сатуға жасалған 1997 жылғы 25 ақпандағы N 20/97/1-18 келісім-шарты мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ақмола, Қостанай, Көкшетау, Торғай облыстарының әкімдері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Халықаралық қазақстандық агроөнеркәсіп биржасы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар аталған келісім-шартқа сәйкес астықты жөнелтуге қажетті жәрдем көрсетсін.

Премьер-Министр